

Жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Қызылорда қалалық мәслихатының 2018 жылғы 8 маусымдағы № 164-26/11 шешімі.
Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 маусымда № 6342 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджеттік төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 510-бабының 1 тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзібасқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының ббабының 1-13) тармағына сәйкес, Қызылорда қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде Қызылорда қаласы бойынша жер салығының мөлшерлемелері "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінің 504, 505 және 506-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерінен 20 (жиырма) пайыз жоғарылатылсын.

2. "Жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 42/5 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4986 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 мамырда "Ақмешіт ақшамы" №40-41, "Қызылорда таймс" №21 газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап олданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қызылорда қалалық мәслихатының
кезекті XXVI сессиясының төрайымы

Л. ҚОЖАНИЯЗОВА

Қызылорда қалалық мәслихатының
хатшысы

Р. БОХАНОВА

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер
комитеті Қызылорда облысы
бойынша Мемлекеттік кірістер
департаментінің Қызылорда
қаласы бойынша Мемлекеттік
кірістер басқармасы"
Республикалық мемлекеттік

мекемесінің басшысы
_____ Н.Нұрсейітов
"08" маусым 2018 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК